

## Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметін әлеуметтік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 1996 жылғы 2 сәуірдегі N 1 Өкімі

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қазандағы Жарлығын орындау үшін және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметін әлеуметтік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары медициналық қызмет, байланыс және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімшелерінің штат саны мен мүлкін бөлу мынадай тәртіппен жүргізілсін:

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (Қ.Ш.Сүлейменов):

- белгіленген тәртіппен "Демалыс" демалыс үйін, балаларды сауықтыру кешенін, екі бала бақшаны олардың қызметін қамтамасыз ететін штат санымен қоса, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі істер органдарының байланыс және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қызметтері штат санының үштен бір бөлігін, Бас медицина басқармасының төрт бірлігін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің балансына беретін болсын;

- тұрақты пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетіне Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан әскери және арнаулы жабдықтау базаларындағы қойма үй-жайларының жалпы алаңы 8 (сегіз) мың шаршы метр болатын бөлігін, "Қазақстан" санаториясы аумағындағы қызметтік алты саяжайды, "Қапшағай" демалыс аймағындағы екі коттеджді бөлетін болсын.

2. Әскери-дәрігерлік комиссиялар, госпитальдар, емханалар, санаторийлер, демалыс аймақтары, балаларды сауықтыру кешені Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі мен Мемлекеттік тергеу комитеті Төрағасының бірлескен бұйрығымен айқындалатын тәртіппен Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының және Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне қызмет көрсетеді деп белгіленсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Өкімшілігі Заңдылықты, құқық тәртібін және сот реформасын қамтамасыз ету бөліміне (Н.В.Белоруков) жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң

*Мемлекеттік хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК